



ТІЛҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ



№35
(2413)
Сәрсенбі
20 мамыр
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖЫЛЫЖАЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Қазалы қаласындағы «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеңілдетілген несие алып, жылыжай шаруашылығын қолға алған кәсіпкерлердің жұмысымен танысты. Алдымен аудан басшы-

сы жеке кәсіпкер Піржанов Әділжанның жылыжай кешеніне барды. Кәсіпкер 2025 жылдың тамыз айында жалпы құны 5,0 млн. теңгені құрайтын жобасын іске қосқан. Бүгінде жылыжайда қияр мен қызанақ өнімдері өсірілуде. Кәсіпкердің

алғашқы өнімдері Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы тұрғындарының сұранысына ие. Жоба аясында 1 тұрақты жұмыс орны ашылған.

Мұнан соң аудан әкімі жеке кәсіпкер Тілеуов Ерболаттың жылыжайының жұмысымен танысты. Кәсіпкер 9,6 млн. теңге болатын жобасын іске қосқан. Жылыжайда қияр өнімдері өсірілуде. Биыл кәсіпкер екінші жыл қатарынан өнім алып, алдағы уақытта кәсібін кеңейтуді жоспарлап отыр.

Қазіргі таңда екі кәсіпкердің де өнімдері халықтың сұранысына ие болып, Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының тұрғындарын сапалы көкөніс өнімдерімен қамтып отыр.

Кездесуде аудан әкімі мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге алдағы уақытта да қолдау көрсетілетінін айтып, кәсібін кеңейтуге ниетті азаматтарға тиісті көмек берілетіндігін жеткізді. Сондай-

ақ, кәсіпкерлерге сәттілік тілеп, бастамаларына оң бағасын берді.

Өз кезегінде кәсіпкерлер мемлекет тарапынан көрсетілген қолдауларға ризашылықтарын білдіріп, бүгінде сол мүмкіндіктің арқасында кәсібін дөңгелетіп отырғандарын жеткізді.

Айта кету керек, «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, кәсіпкерлікті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Бүгінге дейін ауданда жоба аясында 200-ден астам азамат өз кәсібін бастап, халыққа қажетті өнім өндіру арқылы өңір экономикасының дамуына үлес қосып келеді. Мемлекет тарапынан 2023 жылдан бері аталған жобаларды жүзеге асыруға 1 млрд, 581 млн. теңге қаржы бөлінген.


«НҮРДӘУЛЕТ» БОУЛИНГ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Аудан орталығында жаңа кәсіпкерлік нысан – «Нұрдәулет» боулинг орталығының ашылу рәсімі өтті.

Жаңа нысанның ашылу рәсімінде аудан әкімі Алмасбек Есмаханов құттықтау сөз сөйлеп, аудандағы кәсіпкерлік саласында атқарылып жатқан игі жұмыстар жайында айтып өтті.

«Бүгінде өңірімізде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың ерекше қолдауымен кәсіпкерлік саласы қарқынды дамып келеді. Қазыналы Қазалы ауданында да өңірге көрсетілген қолдаудың нәтижесінде кәсіпкерлік саласы бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізілуде.

Өткен жылы ауданда тамақтану орындары, мейрамханалар, сауда орындары, көлік жуу орны сынды жаңадан 32 кәсіпкерлік нысан бой көтеріп, онда 80-ге жуық адам жұмыспен қамтылған. Ал, биылғы жылы 5 кәсіпкерлік нысан ашылып, 20-ға жуық адам жұмыспен қамтылды. Өздеріңіз білесіздер, бұған дейін ауданымызда жаңа кәсіпкерлік мақсаттағы нысан - Қонақ үй ғимараты, «Мұқаш ата»



сауда үйі, «Ривера» тамақтану орны, «Ақбота» кондитерлік өнімдері, «Ербол» тіс емханасы сынды ірі кәсіпкерлік нысандар пайдалануға берілді. Бүгін міне, тағы бір жаңа нысан ел игілігіне табысталуда. Осындай заманауи, жаңа кәсіпкерлік нысан ашып, ел игілігіне ұсынып отырған кәсіп иесі – Самат Серікұлына алғысымды білдіремін. Еңбектеріңіз жана берсін! Істеріңіз ілгерілеп, кәсіптеріңізден береке табыңыздар, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы. Жиында жаңа кәсіп иесі

Самат Қуанышқа аудандағы шағын және орта кәсіпкерлік саласының дамуына қосқан үлесі үшін аудан әкімінің «Алғыс хаты» табысталды.

Мұнан соң сөз алған кәсіпкердің әкесі Майлыбай Серік жиналған жұртшылыққа ризашылығын білдіріп, ел игілігі жолындағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

Салтанатты рәсімде аудан әкімі мен қонақтар жаңа орталықтың лентасын қиып, нысанның жұмысымен танысты. Қонақтар боулинг орталығындағы заманауи

жабдықтар мен келушілерге жасалған жағдайларды көрді.

Айта кетейік, жалпы құны 60 млн. теңгені құрайтын «Нұрдәулет» боулинг орталығы жеке кәсіпкер Самат Серікұлының жеке қаражаты есебінен салынған. Заманауи ойын-сауық орталығы бір мезетте 70-ке жуық адамға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұнда 4 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.

Аталған боулинг орталығы бүгінде өңірдегі аудандар арасында бірден-бір заманауи ойын-сауық нысандарының бірі болып отыр. Бұған дейін өзге аудандарда мұндай орталықтар ашылғанымен, уақыт өте жұмысы тоқтап қалған. Ал, қазір облыс көлемінде толыққанды боулинг орталығы Қазалы ауданында ғана жұмысын бастауда. Бұл – қазалылық кәсіпкерлердің заман талабына сай тың жобаларды жүзеге асыруға деген белсенділігінің, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жатқан үлесінің нақты көрінісі.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ЕЛ АҒАЛАРЫН МЕРЕЙТОЙЛАРЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан ел ағалары, Қазалы ауданының құрметті азаматтары: Дүйсен Малкайдар Дүйсенұлы мен Жалғасбай Жаппарберген Жақсығұлұлын 75 жасқа толу мерейтойларымен құттықтап, елге жасаған адал еңбекті бағалаудың маңызын атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Еңбекадамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» деген болатын. Қазалы ауданында адал қызмет атқарып, саналы ғұмырын ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген азаматтарды ардақтауды дәстүрге айналдырдық.

Бүгінгі ресми жиынымыз өнегелі істердің ұйытқысы болған, жұртшылыққа етене таныс Малкайдар Дүйсенұлы мен Жаппарберген Жақсығұлұлы ағаларымыздың 75 жасқа толған мерейтойына арналады. Сіздердің жылдар бойы туған өлкенің игілігі жолында атқарған еңбектеріңіз, адал қызметтеріңіз шынайы құрметке лайық. Аудан жұртшылығы өңірдің дамуына зор үлес қосқан Өздеріңіздей жерлестерімен мақтанады. Тілеулес, ақадал ниетті азаматтардың атынан бүгінгі мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!», – деді Алмасбек Әбілқасымұлы.

Жиында аудан әкімі мерейтой иелеріне облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың,

ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Мархабат Жайымбетов пен Руслан Рүстемовтың және ел ағаларының «Құттықтауын», сонымен қатар, Қазалы ауданының ең жоғары марапаты – Қазалы ауданының «Құрмет» грамотасын табыстады. Ел ағалары мен бірге олардың жұбайлары Бақытжамал Илиясқызы мен Кенжегүл Пірмағанбетқызына арнайы сый-құрмет көрсетті.

Жиында Қызылорда облысының құрметті азаматы, I-III дәрежелі Барыс, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Самұрат Имандосов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қазалы ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Оразғали Бекбанов, Қазалы ауданының құрметті азаматы, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері Қасқырбай Әлімбаев, ауыл шаруашылығы саласының ардагері, Қазалы ауданының құрметті азаматы Берік Бисембаев, Қазалы ауданының құрметті азаматы Нұрман Талқанбаев, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қызылорда қаласының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Асылбек Тоғызбаев, ел ағасы Махамбет Оңдасын сөз сөйлеп, мерейтой иелеріне ізгі тілектерін білдірді.

Малкайдар Дүйсенұлы еңбек жолын «Кәукей» аулында веттехник болып бастаған. Әр жылдары Октябрь совхозында (Қазіргі Бекарыстан би аулы) бас мал дәрігері, кәсіподақ комитетінің төрағасы, ферма меңгерушісі болған. 1985-1989 жылдары Қазақстанның 40 жылдығы

атындағы (Қазіргі Жанқожа батыр аулы) совхозда партком хатшысы, 1989-1995 жылдары Үрмәш Түктібаев атындағы совхоздың директоры, 1995-2000 жылдары Қазалы ауданы әкімінің бірінші орынбасары, 2000-2005 жылдары Азық-түлік келісім-шарт корпорациясының №6 «Астық» базасының директоры, 2005-2010 жылдары Қазалы аудандық пошта байланысы торабының бастығы, 2010-2012 жылдары Әйтеке би кентінің әкімі, 2012-2014 жылдары ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринарлық бақылау, қадағалау комитетінің Қазалы аудандық инспекциясының басшысы, 2014-2019 жылдары аудандық ветеринариялық станциясының директоры, 2019-2020 жылдары аудандық ветеринариялық станциясының паразитолог дәрігері қызметтерін атқарған.

Жаппарберген Жақсығұлұлы еңбек жолын 1973 жылы Қазалы аудандық информациялау есептеу станциясында аға инженер болып бастаған. Әр жылдары Қазалы аудандық информациялау есептеу станциясының бас инженері, станция бастығы, Қазалы аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, жауапты ұйымдастырушысы қызметтерін абыроймен атқарған. 1991-1993 жылдары аудандық экономика және жоспарлау бөлімінің бас маманы, 1993-1996 жылдары Қызылорда аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қазалы ауданындағы бас маманы, 1996-1998 жылдары аудан әкімі аппаратының экономика және нарықтық қатынастары секторының, экономика бөлімінің меңгерушісі, 1998-2004 жылдары аудан әкімінің орынбасары, 2004-2007 жылдары аудандық экономика бөлімінің меңгерушісі болған. 2007-2010 жылдары аудандық қаржы бөлімінің басшысы, 2010-2016 жылдары аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы, 2016-2017 жылдары аудан әкімінің кеңесшісі, мемлекеттік қызметтен бөлек, қоғамдық-саяси жұмыстарға да белсенді араласып, аудандық сайлау комиссиясының төрағасы қызметін атқарды.

БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІНЕ ОРАЙ САЛА МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

17 мамыр – Байланыс қызметкерлері күні. Осыған орай, аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов аудандық байланыс және телекоммуникация саласының қызметкерлері мен сала ардагерлерін қабылдап, мерекемен құттықтады.

Байланыс саласы – қоғамның дамуына серпін беретін, халықпен мемлекетті, аймақтар мен елдерді өзара жалғайтын маңызды стратегиялық бағыттардың бірі. Қазіргі цифрлық дәуірде ақпарат алмасудың жеделдігі мен сапасы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді.

Бүгінде ауданымызда байланыс және телекоммуникация саласын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Елді мекендерді интернет желісімен қамту, ұялы байланыс сапасын жақсарту, цифрлық қызметтердің қолжетімділігін арттыру – басты назардағы мәселелердің бірі. Осы ретте сіздердің күнделікті еңбектеріңіз ерекше құрметке лайық. Сіздерге аудан халқы атынан шынайы ризашылығымды білдіремін. Алдағы уақытта да байланыс саласының қарқынды дамуына үлес қосып, еліміздің игілігі жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын, – деді Дәурен Оңғарбайұлы.

Мерекелик қабылдауда Дәурен Оңғарбайұлы аудандағы байланыс саласының қызметкерлеріне аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың құттықтауын жеткізіп, бірқатар сала ардагерлерімен қызметкерлерін «Алғыс хаттармен»

марапаттады. Бүгінде ауданымызда талшықты-оптикалық байланыс желісімен Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және 18 елді мекен қамтылған, яғни 47,6 пайызы. «Қазақтелеком» АҚ-ы арқылы 10 елді мекен қосылып, «Транстелеком» АҚ-ы арқылы 10 елді мекен жоғары жылдамдықты интернетпен қамтылған. Бұдан бөлек, «Қазақтелеком» АҚ-мен «Ауыл Online» жобасы аясында 2027-2028 жылдары 17 елді мекенге талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу жоспарлануда. Ал, Қазалы аудандық пошта байланысы торабында 17 байланыс бөлімшесі жұмыс істейді. 56 азамат қызмет атқаруда.

Тарихы тереңде жатқан «Қазпошта» акционерлік қоғамы бүгінгі таңда үлкен өзгерістерден өтіп, заман талабына сай техникалық құрал-жабдықтармен қамтылған. Пошта торабы екінші деңгейлі банк ретінде Қазалы ауданындағы 150-ден астам заңды тұлғаларға қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, 12 елді мекенде серіктес банктар арқылы несие, депозит рәсімдеу жұмыстары қоса жүргізілуде.

Өз кезегінде байланыс саласының мамандары әріптестерін мерекемен құттықтап, көрсетілген қошемет-құрметке алғыстарын айтты.

Мерекелик басқосу Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығы өнерпаздарының әсем әндерімен аяқталып, мереке иелері көтеріңкі көңіл-күймен тарасты.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛҒЫ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ БЕКІТІЛДІ

Аудандық мәслихаттың жұмыс жоспарына сәйкес кезекті 56 сессиясы өтті.

Сессияға аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Бауыржан Пшанов, облыстық бағыныстағы мекеме басшылары, қала, кент, ауылдық округтердің әкімдері, әкімдікке қарасты дербес бөлімдердің басшылары қатысты.

Сессияға аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш төрағалық етті.

Сессияның күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Бірінші мәселе: «2025 жылға арналған Қазалы ауданы бюджетінің атқарылуы туралы» облыстық тексеру комиссиясының мүшесі Пшанов Бауыржан Төлешұлы хабарлама жасап, 2025 жылға арналған аудан бюджетінің атқарылуын қанағаттанарлық деп бағалады.



Сондай-ақ, осы мәселе бойынша аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Жарылқап Бахытжан Дүзелбайұлының хабарламасы тыңдалып, депутаттардың дауысқа салу қортындысымен 2025 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есебі бекітілді.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш облыстық тексеру комиссиясы тарапынан анықталған қаржылық бұзушылықтарға байланысты тиісті бюджеттік

бағдарлама әкімшілеріне алдағы уақытта жол бермеу қажеттігін ескертіп, бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Екінші мәселе: «2025 жылға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы» Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті, ауылдық округ әкімдері хабарлама жасап, қала кент, ауылдық округтердің 2025 жылға арналған бюджеттерінің атқарылуы туралы есебі бекітілді.

Үшінші мәселе:

«Қазалы ауданы бойынша тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы» аудандық тұрғын үй - коммуналық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Жасұлан Сыдықов хабарлама жасады.

Сессия соңында аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы сессияның күн

тәртібіндегі мәселелердің маңызы здылығына тоқталып, бюджет қаражатының әрбір тиынына бюджеттік бағдарлама әкімшілері тікелей жауапты екенін, қаржы жоспарлау барысында негіздеме құжаттарының толық болуын, жаңа өзгерістерге байланысты есепшілердің біліктілігін арттыруды, ауыл әкімдерінің қаржы аудару кезінде құжаттарға мұқият болуын, электронды цифрлық қолтаңбаларын есепшілерге сеніп тапсырмауды, бюджет қаражатын игеру барысында қолданыстағы заң талаптарын қатаң сақтауды ескертті.

Сессия алдында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіліп, сессияның күн тәртібіне ұсынылған мәселелер талқыланды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ОТБАСЫЛЫҚ «КӨҢІЛДІ START» ЭСТАФЕТАЛЫҚ САЙЫСЫ

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай отбасындағы қарым-қатынастарды нығайту, жанұялар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің 2026 жылға арналған «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру бағытында іс-шаралар ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында дәстүрлі отбасылық «Көңілді START» эстафеталық сайысы өткізілді.

Отбасылық эстафета Қазалы мәдени-демалыс кешеніндегі спорт алаңқайында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимнің орындалуымен басталды.

Эстафеталық сайысқа спорт саласының ардагері Бәкенов Қуанған, Әйтеке би кенттік әйелдер кеңесінің төрайымы Садуақасова Райхан, «Сауаптан құр қалмайық» қоғамдық қорының жетекшісі Қарымсақов Мақсұт қазылық жасап, Қазалы ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің 3 жаттықтырушысы төреші болды.

Эстафеталық додаға көп балалы 9 отбасы қатысып, алдымен өз командаларының ұранымен таныстырды. Одан кейін сайыскерлер 5 кезең – «Жүйрік ат», «Кім епті», «Кім



жылдам», «Допты шеңберге лақтыру», «Жеңіске жету» эстафеталары бойынша бақ сынасты. Отбасылық эстафета жанкүйерлерінің көптігінен өте тартысты өтті.

Эстафеталық сайыс мәдени кешенде мерекеге орай ұйымдастырылған салтанатты кеште қортындыланды.

Шараны аудан әкімінің орынбасары Тлеумбетов Дәурен Оңғарбайұлы сөз сөйлеп ашып, Отбасы күні мерекесінің мәні мен маңызын тілге тиек етті. Көпшілікті бүгіннен басталған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына үміткер болуға шақырды. Содан соң эстафетаға қатысушы отбасыларға алғысын білдіріп, барлық қатысушыларға аудан басшысының марапаттарын

табыстады.

Тартысты өткен сайыс нәтижесімен I орын Теңелбековтер отбасы (№266 мектеп-лицей) диплом және аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің демеушілігімен 100 мың теңге, екінші орын Смағұловтар отбасы (204 мектеп) диплом және 70 мың теңге, III орын Әбдірахмановтар отбасы (денсаулық сақтау бөлімі) диплом мен 50 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

Ал, Жандосовтар (288 мектеп), Жанқуатовтар (249 мектеп-лицей), Аманқосовтар (170 мектеп), Алуадиновтер (70 мектеп), Махановтар (мәдениет бөлімі), Наурызалиевтер (денсаулық сақтау бөлімі) отбасыларына аудан

әкімінің алғыс хаты мен бағалы сыйлықтары берілді.

Мерекелік кеш аудандық мәдениет орталығы өнерпаздарының және отбасылық ансамблдердің концертіне ұласып, әуезді ән мен тәтті күй шырқалды. Шара әсем ырғақты бишілердің биімен өріліп, көрермендерді ризашылыққа бөледі.

Қазалы ауданының білім және дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне, Әйтеке би кенттік мәдениет үйіне, Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығына сайысты ұйымдастыруға белсене атсалысқандары үшін зор алғысымызды білдіреміз.

Эстафетаға қатысқан барша отбасыларды жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз! Ұлттың болашақ спортшыларын тәрбиелеп отырған көпбалалы отбасылар шын мәнінде көпке үлгі. Мәуелі бәйтеректей жайқалып өсіп-өніп, мерейлеріңіз арта берсін! Берекесі артқан, ауызбіршілігі мығым, ынтымағы мол, табысты отбасылар қатарынан көріне беріңіздер!

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні баршаңызға құтты болсын!

Барлығыңыздың жанұяларыңызға амандық, шаттық пен қуаныш тілейміз! Берекесі мен бірлігі жарасқан отбасылар қатары көп болсын!

БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ МЕЗГІЛДЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Жазғы демалыстың басталуына байланысты кәмелетке толмағандардың бос уақытының артуы олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінің өзектілігін күшейтеді. Осыған орай, прокуратура органдары тарапынан балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған профилактикалық жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде.

Жаз айларында балалардың ойын алаңдарында жарақат алуы, тұрғын үйлердің терезелерінен құлауы, сондай-ақ, су айдындарын-

да қауіпсіздік талаптарын сақтамау деректері жиілейді. Осыған байланысты ата-аналар мен заңды өкілдердің кәмелетке толмағандарды қараусыз қалдырмауы, олардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыруға ерекше назар аударуы қажет.

Атап айтқанда, ойын алаңдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін олардың тұрақты бақылауда болуы, сондай-ақ, ойын құрылғыларының техникалық жай-күйіне мән беру талап етіледі. Қауіпті немесе ақаулы элементтер анықталған жағдайда,

уәкілетті органдарға жедел түрде хабарлау қажет.

Сонымен қатар, көпқабатты тұрғын үйлерде балалардың терезеден құлау фактілерінің алдын алу мақсатында терезелерге қорғаныш құрылғыларын орнату, жиһаздарды терезе маңына орналастырмау және балаларды қараусыз қалдырмау қажеттігіне назар аударылады.

Су айдындарында қауіпсіздік талаптарын сақтау да ерекше маңызға ие. Балалардың тек арнайы жабдықталған орындарда шомылуын қамтамасыз ету, ересектердің қарауынсыз

суға түсуіне жол бермеу, сондай-ақ судағы қауіпсіздік қағидаларын түсіндіру – қайғылы жағдайлардың алдын алудың негізгі шаралары болып табылады.

Прокуратура органдары азаматтарды балалардың қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамауға шақырады. Кәмелетке толмағандардың өмірі мен денсаулығын қорғау – әрбір ата-ана мен қоғамның ортақ міндеті. Қауіпсіздік талаптарын сақтау арқылы ғана балалардың жазғы демалысын қауіпсіз әрі қолайлы ұйымдастыруға болады.

Қазалы ауданының прокуратурасы

● Маманның кеңесі

ОЙЫНШЫҚТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР

Ойыншықтар балалардың денсаулығы мен дамуына тікелей әсер ететін өнімдердің бірі. Сондықтан оларды дайындау, сақтау және сатуда санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы өте маңызды. Бұл талаптар балаларды химиялық, биологиялық және физикалық қауіптерден қорғауға бағытталған.

Ойыншықтардың қауіпсіздігіне қойылатын негізгі талаптар;

1. Ойыншықтар адам денсаулығына зиян келтірмейтін материалдардан жасалуы тиіс. Олардың құрамында: улы бояғыштар,

ауыр металдар (қорғасын, сынап), аллергия тудыратын химиялық заттар болмауы қажет.

2. Гигиеналық талаптар бойынша ойыншықтардың беті тегіс, тазалауға ыңғайлы болуы керек. Олар: жағымсыз иіс шығармауы, тез жанбауы, шаң мен кірді көп жинамауы тиіс. Кішкентай балаларға арналған ойыншықтарды жуу және залалсыздандыру оңай болуы қажет.

3. Балалардың жарақат алмауы үшін: үшкір бұрыштар болмауы, ұсақ бөлшектер оңай ажырамауы, сынған кезде өткір қырлар пайда болмауы керек. Әсіресе, үш жасқа дейінгі балаларға

арналған ойыншықтар ерекше бақылаудан өтеді.

4. Электронды ойыншықтардың дыбысы баланың есту қабілетіне зиян келтірмеуі тиіс. Сонымен қатар, өте ашық немесе жыпылықтайтын жарық көздері көзге зиян келтірмеуі қажет.

5. Әр ойыншықтың қаптамасында: өндіруші атауы, жас ерекшелігі, қолдану нұсқаулығы, қауіпсіздік ережелері көрсетілуі тиіс. Таңбалау мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуы талап етіледі. Дүкендерде сатылатын ойыншықтардың сапа сертификаты болуы міндетті.

Ойыншықтарға

қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар балалардың денсаулығын қорғауда маңызды рөл атқарады. Қауіпсіз әрі сапалы ойыншық баланың дұрыс дамуына, денсаулығының сақталуына және қауіпсіз ойын ортасының қалыптасуына мүмкіндік береді. Сондықтан ата-аналар ойыншық таңдағанда оның сапасына, сертификатына және қауіпсіздік белгілеріне ерекше назар аударуы қажет.

Гүлвира МДУАРОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы

Көшеге атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Әйтеке би кенті тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2026 жылғы 5 мамырдағы қорытындысына сәйкес Әйтеке би кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің атауы жоқ көшесі Нысан Қарсақбаев есімімен аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би кентінің әкімі

А.Абиев

О присвоении наименования улице

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан «Об административно-территориальном устройстве в Республике Казахстан» с учетом мнения населения поселка Айтеке би и на основании заключением областной ономастической комиссии от 5 мая 2026 года аким поселка Айтеке би РЕШИЛ:

1. Присвоить имя «Нысан Қарсақбаев» безымянной улице поселка Айтеке би.

2. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким поселка Айтеке би

А.Абиев

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды. Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй. Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49. Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.